

АРАБ ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ МӘЖНҮН ОБРАЗЫ

Ә.О. Арғынбекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана қ.

Шығыстың «Ромео - Джульеттасы» болған «Ләйлі-Мәжнүн» дастанының негізі – «Мәджнуну Ләйлә» («Ләйлә үшін ақылынан адасқан») атты араб аңызы екендігі шығыстану, оның ішінде арабтану ғылымында дәлелденген. IX-X ғасырларда солтүстік және орталық Аравияны мекендеген бәдәуилер арасында «бақытсыз» махаббат тақырыбы қалыптасқаны белгілі. Оның ішінде Қайс ибн Зарих пен Лубна, Джамил мен Бусайна, ‘Уруа мен Афра, Мәжнүн мен Ләйлә, Қусайыр мен ‘Азза және тағы да басқа бақытқа қолдары жетпеген ғашық жұптар туралы аңыздар ел ішінде кеңінен танымал болды. Ғашықтар туралы аңыздар ауыздан ауызға жетіп, олардың өлеңдері бәдәуилер қонысында ән болып айтылды. Осылай біз сөз етпек болып отырған «Мәджнуну Ләйлә» аңызы бүкіл араб елдерінен бастап, барлық шығыс елдеріне тарады. Мәжнүн тақырыбын алғаш рет көркем шығарма етіп XII ғасырда атақты азербайжан ақыны Низами парсы тілінде «Ләйлі- Мәжнүн» дастанын жазды, кейіннен Низами дастанына басқа да шығыс поэзиясының жұлдыздары назире-дастандар жазды: тәжік-парсы тілінде XIII ғасырда Әмір Хосроу Дехләуи, XIV ғасырда Әбдурахман Жәми және Абдулла Хотифи, Орталық Азияда көне өзбек тілінде XV ғасырда Әлішер Науаи, түрік (осман) тілінде XVI ғасырда Фузули Бағдади және т.б. Белгілі шығыстанушы ғалым Е.Э. Бертельс өзінің «Низами» атты монографиясында Низами шығармасына XIII-XVI ғасырлар аралығында тәжік-парсы тілінде 20, азербайжан тілінде 4, түрік (осман) тілінде 14, курд тілінде 1 және көне өзбек тілінде де 1 назире дастандар жазылған деген түйінге келеді. Мәжнүн тақырыбы бүгінгі күнге дейін жүздеген ақындардың қиялын тербетіп, мыңдаған беттерге жететін шығарма жазуына себеп болуда.

Шығыс әдебиетінде махаббат үшін ақылынан адасқан сол Мәжнүн образы шын тарихта болған ба, әлде араб ауыз әдебиетіндегі ойдан шығарылған образ ба? Бұл мәселе күні бүгінге дейін шығыс әдебиетінде шешімін таппаған мәселенің бірі болып табылады. Бұл жерде араб тіліндегі деректер көмекке келмек. Сол бар деректерді сұрыптай келе, Мәжнүн тақырыбына қатысты деректердің ішінен Ибн Қутайбаның (h- 276h/889) «Китаб аш-ши‘р уа ш-шу‘ара» («Поэзия және ақындар кітабы»), Әбу-л-Фарадж әл-Исфаханидің (h.284/897 - h.356/967) «Китаб әл-ағани» («Әндер кітабы») антологияларының ақын Қайс ибн әл-Муллауахқа (Мәжнүнге) арналған тарауларын, Әбу Бәкр әл-Уәлибидің (?) «Ахбар әл-Мәджнун уа әш‘аруһу»

(«Мәжнүн туралы деректер және оның өлеңдері») атты монографиясындағы деректерді зерттеу қажеттігі туады. Яғни, алғашқы араб дерекнамаларының жазылу мезгілі IX ғасырдың бірінші жартысына келеді. Тоғыз томдық «Китаб аш-ши‘р уа ш-шу‘ара» антологиясының екінші томында Мәжнүнге арналған он бір беттік тарау бар. Осы антология жазылғаннан кейін шамасы бір ғасыр айырмашылықпен белгілі исфахандық филолог әл-Исфакхани жиырма төрт томдық «Китаб әл-ағани» антологиясының екінші томында ақын Мәжнүн туралы тоқсан алты беттік мағлұматтар берген.

Антологияларда арабтардың Мәжнүн атты бірнеше ақынның болғаны туралы айтылады. Олар- Қайс ибн Му‘аз, әл-Акра ибн Му‘аз, Махди ибн әл-Мулаууах, Музахиқ ибн әл-Харис әл-Мәджнун, Му‘аз ибн Кулайб әл-Мәджнун және т.б. Дегенмен жоғарыда айтылған араб жазба дерекнамалары авторларының ойынша Қайс ибн әл-Мулаууах ақын Мәжнүн болып табылады.

VII ғасырдан бастап араб ақыны Қайс ибн әл-Мулаууах хақында көптеген аңыздар пайда бола бастайды, оның әндері ел арасына тарайды, уақыт өте келе ақын тақырыбындағы аңызға аңыз қосылып, оған өзге ақындардың әндері телінеді. Авторы белгісіз махаббат тақырыбына арналған өлеңдер, Ләйлә есімі кездескен қандай да болмасын лирикалық өлеңдердің барлығы ақын шығармасына жатқызылады. Осылайша X-шы ғасырда ақын Мәжнүн образы араб әдебиетінде толықтай қалыптасып, халифатта өзінің «салтанатты шеруін» бастайды [1, 623].

Жоғарыда аталған араб жазба дерекнамаларының ішінде Мәжнүн туралы анық деректер Әбу л-Фарадж әл-Исфакханидің «Мәжнүн туралы мағлұматтар» («Ахбару Мәджнун») атты тарауында берілген. Себебі біріншіден, шығарма саны жағынан ғана емес, сапасы жағынан да жоғары; екіншіден, тараудағы 'иснадтар (сілтемелер) тарихта белгілі ғалымдарға негізделген, сілтемелер хронологиясы да (ғалымдардың өмір сүрген кезеңдері) сауатты берілген; және ең маңыздысы еңбекте тарихта болған адамдар есімдерін кездестіруге болады. Олардың бірі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың серіктестерінің бірі 'Абд ар-Рахман ибн 'Ауфтың баласы, Мәдинә өмірінің салық жинаушысы 'Омар (аңыздың кейбір жерлерінде Мұхаммед немесе Хумайд) болса, екіншісі Науфал ибн Мусахиқ биографиялық сөздіктерінің бірінде Мәдинәдағы алым-салық бөлімінің басқарушысы қызметін атқарған [2, 603]. Ал кейбір деректерде Науфал өмір 'Абд әл-Мәликтің жарлығымен шамамен 702 жылы Мәдинәнің қадисі (сод) қызметінен босатылған деген мәліметтер бар. Әл-Исфакханидің еңбегінде Науфал бейнесі кездесетін бір бөлім бар, ол «Науфал ибн Мусахиқтың Мәжнүнмен кездесуі туралы мағлұматтар» деп аталады. Кездесу сюжеті төмендегідей: «Ол айтты: күрсіне дем алды да есінен танды. Тағыланып кетуінің себебі сол (ессіз ғашық болуы) еді. Науфал ибн Мусахиқты кездестіргенге дейін оған ештеңе де әсер етпеді. Науфал айтты: шөл далаға келдім де ол (Мәжнүн) туралы сұрадым. Маған айтты: ол есінен

адасты, қайда екенін білмейміз. Күндердің күнінде достарыммен бірге тағы тау текесін аулауға аңға шықтым. Әл-Хамийде үлкен 'арактың (түйелер жейтін бұта) маңайынан тау теке байқадық. Бұталардың артынан адамды көрдік. Бұл көрініс менің достарымды қатты таң қалдырды. Ал мен болсам, оның Мәжнүн екенін түсініп атымнан түсіп, оған жақындап келдім. Үстімдегі артық (сырт киім) киімдерімді шешіп тастап (үркітіп алмау үшін), жанына отырдым да оның бір бәйтін оқи бастадым» [3, 66]. Ары қарай Науфал өзіне белгілі Мәжнүн өлеңдерін ақынға оқиды, ал Мәжнүн болса сол өлеңдерді жалғастырып жаңа өлеңдерін жауап ретінде оқиды. Науфалдың айтуынша Мәжнүннің даусы құлаққа жағымды «әуезді, үнді» еді.

Аңызда берілген халиф Маруан ибн әл-Хакам VII-ші ғасырдың екінші жартысында Мәдинә қаласының билеушісі, ал ғасыр соңында халиф болғаны тарихта белгілі жайт. Осы фактілерге сүйенсек, араб әдебиетінде Мәжнүн тақырыбының бастауы VII-ші ғасырға алып келетіні айқын.

И.Ю. Крачковский өзінің «Ранняя история повести о Маджнуне и Лейли в арабской литературе» атты зерттеу еңбегінде Мәжнүн туралы араб деректерінің ішінен Әбу л-Фарадж әл-Исфханидің еңбегін маңыздылығы тұрғысынан бірінші орынға қояды: «Онсыз біз X-шы ғасырға дейін Мәжнүн туралы жазылған повестер тарихы туралы ешбір сенімді түрде талдау жасай алмас едік» [4, 590]. Оның себебі де түсінікті сияқты. Ибн Қутайба алдына анық тарихи деректерге сүйенген еңбек жазу мақсатын қоймаған. Ол көлемі 11 беттік оқуға жеңіл, әрі қызықты әңгіме жазған. Ибн Қутайба өзі қолданып отырған дереккөздерін де атамайды, тек бір эпизодта автор әл-Хайсам ибн 'Адидің сөзіне жүгініп, жас жігіттің Маймун құдығының жанында бір топ адамдардың ішінен әбден әлсіреген Мәжнүнді көргендігі туралы жазады [5, 472]. Әбу л-Фарадж әл-Исфхани сол эпизодты былай деп береді: «Әл-Қуранидің сөзіне сүйенген ағам (маған) әл-Хайсам ибн 'Адидің айтқанын жеткізіп еді. Және (дәл осыны) оны бізге Әбу Мискиннің әңгімесін есіне алған әл-Хайсам ибн 'Адидің айтқанына сүйенген 'Умар ибн Шаббаның айтқанын Хабиб ибн Наср мен 'Абд әл-Азиз әл-Джаухари айтып еді...» [6, 23]. Екі деректе де дерек көзі ретінде әл-Хайсам ибн 'Адидің аты аталады. Әбу л-Фарадж әл-Исфхани нұсқасында әл-Хайсам ибн 'Адидің дереккөзі болып Әбу Мискин аты аталады және басқа да адамдарға сілтеме беріледі. Бұл жерде біз тағы да Әбу л-Фарадж әл-Исфханидің өте мұқият зерттеуші екендігіне көз жеткізе отырып, өз еңбегін жазу кезінде ақиқатқа, тарихи дәлдікке жақын жазуға тырысқанын көреміз.

Екі деректегі Мәжнүн ныспысы туралы берілген кіріспені салыстырайық. Ибн Қутайба нұсқасы бойынша: «Ол – Қайс ибн Му'аз, және де (ол туралы) айтылатын – Бәну Джа'да ибн Ка'б ибн Раби'а ибн 'Амир ибн Са'са'адан шыққан Қайс ибн әл-Муллауах, тағы да ол Бәну 'Уқайл ибн Ка'б ибн Раби'адан еді делінген» [7, 467]. Әбу л-Фарадж әл-Исфханидің нұсқасы

бойынша: «Ол – оның ныспысы мен шығу тегін зерттеушілердің айтуы бойынша – Қайс, және де айтылды: Махди, ақиқаттығы (ол) Қайс ибн әл-Мулауах ибн Музахим ибн ‘Удас ибн Раби‘а ибн Джа‘да ибн Ка‘б ибн Раби‘а ибн ‘Амир ибн Са‘са‘а. Атының Қайс екендігі турасында Ләйләнің айтқаны (бәйті) дәлел: О, мен қанша қайғы шектім, Қайс кеткенде, егер (ол) қайтса ғой. Маған ‘Ахмад бин Зухайрдан естіген Әл-Хасан ибн ‘Али айтты: «Мәжнүннің негізгі аты – Қайс ибн Муллауах. Оны растайтын адамдардың санын білу тіпті мүмкін емес» [8, 1,2]. Әбу л-Фарадж әл-Исфাহани мен Ибн Қутайба нұсқаларын салыстыра отырып, біз Әбу л-Фарадж әл-Исфাহани еңбегінде берілген мағлұматтар ауқымды, дереккөздері нақты, мәтін лексикасында автор ертерек жазылған Ибн Қутайба деректері емес, ауызша деректерді кеңінен қолданғанын, және де берілген деректерге ақиқаттық сипатын беруге тырысқанын көреміз.

Егер біз Әбу л-Фарадж әл-Исфাহани еңбегінде негізгі және жанама дереккөздері (‘иснадшылар) ретінде X-шы ғасырда өмір сүрген белгілі араб филологтары ‘Ахмад ибн ‘Абд әл-‘Азиз әл-Джаухари, ‘Умар ибн ‘Абдаллах ибн Джамил әл-‘Атақи, сол кезеңде өмір сүрген, есімі бүкіл араб елінде мәшһүр болған аңыз жинақтаушы ‘Иса ибн әл-Хусейн әл-Уаррақ (ортағасырлық Шығыста қолжазба көшірмешілері, кітап жинақтаушы, оларды сатушыларға берілетін «әл-Уаррақ» лақап аты қолданылған), шамамен VIII-ші ғасырда өмір сүрген атақты араб аңыздарын жинақтаушы, генеалогия саласының білгірі Ибн Дә’б Әбу л-Уалид ‘Иса ибн Иазид ибн Бәкр ибн Дә’б әл-Ләйси және т.б. көптеген атақты ғалымдардың айтқан мағлұматтарының қолданылуы – Әбу л-Фарадж әл-Исфাহани еңбегінде берілген мағлұматтар мен деректердің растығына деген сенімді ұлғайтып, еңбекті зерттеуде зор зейін, ыждаһатты ықыласты талап етеді.

Ибн Қутайба нұсқасындағы аңыз Мәжнүн мен Ләйләнің бір-біріне ғашық болу жағдайы, екеуінің ел ішіндегі дақпыртпа сөзден қашу үшін өз сезімдерін жасыруы, Мәжнүннің Науфалмен кездесуі, Мәжнүн әкесінің Ләйләға құда түсуі, махаббат азабынан айығу үшін Мәжнүннің әкесімен бірге Меккеге сапар шеккен кезінде Минаның жанында Ләйлә есімін естіп, есінен танып құлауы, Маймун құдығы жанындағы эпизод, Мәжнүн Ләйлә дем алған ауасымен дем алу үшін Неджге сапары, Бәну Мурра тайпасынан бір шейхтің Мәжнүнмен кездесуі және Мәжнүн өлімі эпизодтарын қамтиды. Ал Әбу л-Фарадж әл-Исфাহани нұсқасындағы аңыз сол эпизодтарға қоса, Мәжнүннің ақылынан адасуы туралы бірнеше қосымша мағлұматтар, Мәжнүн әкесінің қайтыс болуы, Мәжнүн анасының Ләйләмен кездесуі, Ләйләнің тұрмысқа шығу жағдайлары, Ләйлә туыстарының сұлтанға арыздануы, сұлтанның Мәжнүнді өлтіруге (егер ол тағы да Ләйлә қосына келетін болса) рұқсат беруі, тағы да аңыз сюжетінде маңызды емес маймен, көмірмен байланысты қосымша эпизодтармен қатар, аңызда құстар мен хайуанаттар кездесетін

эпизодтар, Мәжнүннің торға түскен қарақұйрықтарды босатуы, олардың Мәжнүнге Ләйләні еске түсіруі, әртүрлі жағдайларда Мәжнүн өлең шығаруы және т.б. көптеген эпизодтармен толықтырылған.

Ибн Қутайба нұсқасында Мәжнүннің 38 бәйті берілсе, Әбу л-Фарадж әл-Исфাহани нұсқасында Мәжнүннің 400-ден аса бәйті берілген, соңғы нұсқада Мәжнүннің кейбір бәйттері қайталанатын.

Әбу Бәкр әл-Уәлибидің «Ахбар әл-Мәджнун уа әш‘аруһу» («Мәжнүн туралы деректер және оның өлеңдері») атты монографиясы Мәжнүн тақырыбына жазылған араб тілінде көркем шығарма болып табылады. Әл-Уәлибидің өмір сүрген жылдары белгісіз, және мақала авторы оның осы аталмыш еңбегінен басқа еңбектері туралы ешқандай мәліметтер білмейді. Дегенмен көркемдік тұрғыдан бұл монография толық, аңыз сюжеті динамикалы тұрғыда дамитын, қажетті жерлерде қосымша эпизодтармен толықтырылған шығарма болып табылады. Автор Әбу л-Фарадж әл-Исфাহани нұсқасын негізге ала отырып, сюжеттерді дамытқан. Мысалы, Әбу әл-Фарадж әл-Исфাহани нұсқасында: «Олар бала кездерінде жанұяларының малдарын бағып жүргенде бір-біріне ынтық болды. Осылай олар бір-бірін ұнатты, кейін ержеткен кездерінде екеуін айырып жіберді» [9, 11]. Әл-Уәлиби нұсқасында: «Олар жанұяларының бұзаулары мен қозыларын бағып жүргенде достасқан еді. Олар өсіп, ержеткен сайын махаббаттары да сағат сайын, күн сайын күшейе түсті. Ол (Ләйлә) өлеңдердерді, әдебиетті, джаһилийя және Ислам кезеңдеріндегі арабтар туралы әңгімелерді ұнататын. Бәну Амир тайпасының бозбалалары Ләйләмен араласып, оған өздерінің өлеңдерін оқитын. Қайс та олардың бірі етін. Оған (Ләйләға) ол (Мәжнүн) қатты ұнайтын» [10, 5].

Әл-Исфাহани нұсқасында Мәжнүн мен Ләйлә тек ауызша сәлемдемемен араласатын болса, әл-Уәлиби нұсқасында ғашықтар делдалдар арқылы хат алмасады. Әл-Уәлибиде басқа дереккөздерінде кездеспейтін төмендегідей эпизодтар бар: Мәжнүнді емдеу үшін Вавилонға апарды; Мәжнүн Ләйләні алу ниетінде екінші рет құда түсіреді; Ләйләда әкесімен бірге қажылыққа барады, онда Ләйләні сақиф тайпасының бір адамы ұнатып, кейіннен Ләйләға үйленеді; Халифтің әмірі бойынша Мәжнүнді ұстап әкеледі, Мәжнүн өлеңдерін ұнатқан халиф оны босатып жібереді; Мәжнүн мойнына шынжыр салдыртып, мүскін кейпінде кемпірдің жетегіне еріп кездеспекке Ләйлә қосына келеді; Екі салт атты Мәжнүнге Ләйлә өлімін естіртеді. Мәжнүн Ләйлә бейті басында ғашығына арнаған соңғы өлеңін оқып, сол жерде өзі де өледі. Мәжнүнді Ләйләнің қасына жерлейді.

Сөздің реті келгендіктен айта кету абзал болар, жоғарыда айтылған кемпір образы [11, 45] кейін шығыста Мәжнүн тақырыбына жазылған дастандарда да кездеседі. Низами, Физули және т.б. ақындар кемпір образы бар эпизодты өз шығармаларында тиімді қолданған. Сонымен қатар әл-Уәлиби монографиясында ақын Мәжнүннің ғашығы Ләйлә тағдырының соңы белгілі. Ибн Қутайба мен әл-Исфাহани нұсқаларында Мәжнүн өлімі

туралы жазылады да, ал Ләйлә туралы еш мағлұматтар берілмейді. Бұл жайт әл-Уәлиби еңбегінің ұтымды тұстарының бірі болып табылады. Бұл эпизод кейіннен жазылған шығыс ақындары дастандарына да енеді.

Әл-Уәлиби еңбегінде ежелгі араб әдебиетіне тән бәдәуилер тұрмысын сипаттау, тұрмыста кездесетін май, көмір, отпен байланысты эпизодтардың орын алмауы, оның есесіне шығарманы көркемдік жағынан жетілдіре түсетін қосымша кейіпкерлер ('Әбу 'Иса ибн ар-Рашид, ақын Қусайыр, кемпір) мен эпизодтардың енуі, өлеңдердің көркемдік сапасының көтерілуі, ежелгі рулық, тайпалық әдебиеттен күрделі сатыға көтерілгендігі- шығарманың қалыптасқан кеш ортағасырлық туынды екендігін көрсететін тәрізді. Әл-Уәлиби еңбегі негізінен фактілер мен көркемдік-эстетикалық құндылықтарға тапшы тақырыпты дамытып, толыққанды етіп жазылған шығарма болып табылады. Әл-Уәлиби еңбегінде әл-Исфакханиге ешқандай сілтеме бермейді. Бірақ бұл жағдай ештеңенің дәлелі болмаса керек, себебі әл-Уәлиби мақсаты-сюжеттік тұрғыдан дұрыс құрастырылған, оқушыға қызықты көркем шығарма жазу болған сияқты. Бұл ретте әл-Исфакханидің мақсаты- Мәжнүн тақырыбына ақиқатты деректер беру, ол деректерді сұрыптау болатын. Мәжнүн тақырыбын зерттеу ісінде Әбу л-Фарадж әл-Исфакханидің «Китаб ал-ағани» антологиясында берілген деректер өте маңызды болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. И.Ю.Крачковский. Ранняя история повести о Маджнуне и Лейли в арабской литературе. Избр. соч. 2 т. - М.Л., 1956.
2. И.Ю.Крачковский. Ранняя история повести о Маджнуне и Лейли в арабской литературе. Избр. соч. 2 т. - М.Л., 1956.
3. Әбу л-Фарадж әл-Исфакхани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992. 4. И.Ю.Крачковский. Ранняя история повести о Маджнуне и Лейли в арабской литературе. Избр. соч. 2 т. - М.Л., 1956.
5. Ибн Қутайба Абу Мухаммад Абдуллаһ ибн Муслим. Китаб ашши'р а аш-шу'ара. 2 т. Бәйрут. 1964.
6. Әбу л-Фарадж әл-Исфакхани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
7. Ибн Қутайба Абу Мухаммад Абдуллаһ ибн Муслим. Китаб ашши'р а аш-шу'ара. 2 т. Бәйрут. 1964.8. Әбу л-Фарадж әл-Исфакхани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
9. Әбу л-Фарадж әл-Исфакхани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
10. Әбу Бәкр әл-Уәлиби. Ахбар әл-Мәджнун уа аш'аруһу. Тебриз. Дәр әл-хилафа'.1270h.
11. Әбу Бәкр әл-Уәлиби. Ахбар әл-Мәджнун уа аш'аруһу. Тебриз. Дәр әл-хилафа'.1270h.

Резюме

Основа дастана «Лейли-Меджнун» в литературе восточных народов лежит в арабской литературе. Автор в статье рассматривает сказания о поэте Меджнуне, данные во втором томе антологии «Китаб ал-агани» («Книга песен»)(Xв.). Опираясь на прямые и косвенные данные, автор статьи пытается установить происхождение, историчность поэта Меджнуна. Также в статье рассмотрены такие источники как «Китаб аш-шир уа ш-шуара» («Книга поэзии и поэтов»)(IXв.) и монографию Ибн Кутайбы «Ахбар ал-Маджнун» («Сказания о Меджнуне и его песни»).

Resume

Dastans “Lejli-Medzhnun” in the literature of east people are based on the Arabian Literature. The author in article considers legends on poet Medzhnune which are given in the second volume of the anthology «Kitab is al-agani» («The Book of songs») (X century). Using the direct and indirect data, the author of article tries to establish origin and historicity of poet Medzhnuna. Sources like «Kitab ash-shir ya sh-shuara» («The Book of poetry and poets») (IX century) and the monography of Ibn Kutajby «Ahbar is scarlet-madzhnun» («Legends on Medzhnue and his songs») are considered as well.

УДК 811.111

**TEACHING GRAMMAR THROUGH COMICS
AND CARTOONS****И.А. Балык***Университет им. Сулеймана Демирела, г. Алматы*

Teaching grammar has always been a problem. This is a language feature that requires concentration, memorizing and lots of practice. Other aspect of a language like writing, speaking and reading comprehension depends on grammar. Linguists for many decades have been discussing the place of grammar in learning a foreign language (FL) – whether it should be taught as a language science or just be acquired naturally in the process of communication. Thus, this dilemma requires investigation the aim of which will be to define if grammar is really a “foundation” of any FL acquisition at the academic level. In spite of some strong points against grammar teaching the majority of teachers stand for its necessity. Whatsoever